

“АРХИВ ІСІ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА МЕН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ” АТТЫ ӨҢІРЛІК СЕМИНАРЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 14-15 қараша күндері Тараз қаласы «Бақытты болашақ» оқушылар сарайында «Архив ісі және құжаттама саласындағы заңнама мен нормативтік құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру» өңірлік семинары өтті. Семинарға Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстық, Алматы, Түркістан, Қызылорда, Шымкент, Тараз қалалық, аудандық архив мекемелерінің басшылары мен жергілікті ведомстволық архив мекемелері жалпы саны 400-ге жуық мамандар қатысты.


👉 Семинардың негізгі мақсаты архив мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сондай-ақ практикалық тәжірибемен алмасу болып табылады.

📌 Іс-шараның негізгі спикерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің Мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық реттеу басқармасының басшысы Тащанова Салтанат Нұртасқызы мен Ұлттық архив қорын пайдалану және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Даулетбаева Хорлан Дәуренқызы болды.

📌 Салтанат Нұртасқызы «Архив ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілер» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында өзгерген және күшін жойған заңдар мен қаулылар, уәкілетті органның бұйрықтары, заңнаманы жетілдіруге бағытталған нормалар жөнінде түсіндірді.

🔍 Хорлан Дәуренқызы «Архив ісі саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамасында архив ісі саласындағы мемлекеттік қызметтерді

реттейтін нормативтік құқықтық актілер , архив ісі саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер, архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру, мемлекеттік қызметті көрсету жолдары, қазақстан республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, мемлекеттік қызметке қатысты негізгі түсініктер, қызметті көрсету тәртібі, нысаны, нәтижесі мен көрсету процесіндегі өзгерістер жөнінде тоқталды.

Жалғасы 
#архив2025





